

«Келісілді»

Облыстық психикалық денсаулық орталығының

Басшысы

А.Салимбеков

__ наурыз 2024 ж

Түркістан облысының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы»
шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорында өткен
Бірінші тоқсандағы заңнамаларға түсіндіру жұмыстарының

ХАТТАМАСЫ

Шымкент қаласы

28. 03. 2024 жыл

Төрағасы: Нурметова М. – кадр бөлімінің басшысы;

Хатшы: Махан Б. – заңгер, комплаенс офицері

Қатысқан адамдар саны: 39

Күн тәртібінде: Заңнамаларға түсіндіру жұмыстары Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңы (2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ); Қазақстан республикасының Қылмыстық кодексі (ҚР Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ); Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР-ның Кодексі (2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ);

Махан Б - Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР-ның Кодексіне тоқтала өтіп түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Кәсіпорын қызметкерлері – Кәсіпорынның әкімшілік-басқару қызметкерлері мен инженерлік-техникалық қызметкерлерінен кәсіпорынмен еңбек қатынастарында болатын кез келген жеке тұлға. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – Кәсіпорынның лауазымды адамдарының өз өкілеттіктері шегінде қызметі:

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде сыбайлас жемқорлық сипаттағы әрекеттерді жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және кейіннен жою (сыбайлас жемқорлықтың алдын алу);

- сыбайлас жемқорлық сипаттағы әрекеттердің алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу, олардың зардаптарын жою (сыбайлас жемқорлықпен күрес).

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімді жүйесін құруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге бағытталған қызмет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар – сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған Кәсіпорын қызметі үшін белгіленген ұсынымдар жүйесі;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептерді анықтау және зерделеу бойынша Кәсіпорынның қызметі;

Мүдделер қақтығысы – лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте осы адамдардың жеке мүдделері өздерінің қызметтік өкілеттіктерін тиісінше орындамауға әкеп соғуы мүмкін;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – профилактикалық іс-шаралар жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлықтың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі Кәсіпорынның қызметі.

Нурметова М - - Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік түсінігін қалыптастыру;

- Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін, сондай-ақ үшінші тұлғаларды сыбайлас жемқорлық әрекеттерге тарту тәуекелін барынша азайту;

- осы Нұсқаулыққа жасалған 1-қосымшаға сәйкес сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің салдарын барынша азайтуға және жоюға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу және енгізу;

- Кәсіпорын қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы Кәсіпорынның қызметін реттейтін ішкі тәртіп ережелерін қатаң сақтауға тәрбиелеу;

- Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарында сыбайлас жемқорлық факторларының болуын болдырмау;

- жұмыстарды орындау мен қызметтерді көрсету кезінде ашықтықты, адал бәсекелестік пен объективтілікті қамтамасыз ету.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі туындауы мүмкін Кәсіпорын қызметінің бағыттары.

- 1) сыйлықтар мен өкілдіктік шығыстары;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне үшінші тұлғаларды тарту;
- 3) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға төлемдер;
- 4) демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету;
- 5) Кәсіпорын қызметі шеңберінде мәмілелер, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу;
- 6) қызметкерлерді басқару;
- 7) ішкі құжаттарға қаржылық-заң сараптама жүргізу

Шешім: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы бірінші тоқсандағы түсіндіу жұмыстары қанағаттандыралық деп табылсын.

Төрайым:



Нурметова М

Хатшы:



Махан Б